

DOI 10.52260/2304-7216.2025.1(58).34

ЭОЖ 33.338.48

FTAMP 06.52.45

Ж.А. Дулатбекова*, э.ф.к., қауымд. профессор¹

Д.М. Хамитова, э.ф.к., қауымд. профессор²

Ж. Бабажанова, э.ф.к., профессор²

М.М. Нурпесова, э.ф.к., қауымд. профессор³

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан¹

Қазақ ұлттық хореография академиясы,

Астана қ., Қазақстан²

Еуразиялық Технологиялық Университет,

Астана қ., Қазақстан³

– негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: d_jann@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛЕРІНДЕ ТУРИЗМДІ ТҮРАҚТЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Зерттеудің өзектілігі Қазақстанның бай тарихы мен оның бірегей географиялық орналасуы туризмнің көптеген түрлерін, соның ішінде экологиялық, іскерлік және этнографиялық, спорттық түрлерін өңірлерде дамытуға жағдай жасауда және еліміздегі ең танымал туристік бағыттар бойынша туризмді дамытуға мүмкіндіктер беріп отыр. Мақаладағы өңірлердегі бай туристік ресурстардың алеуетін көнінен қолдануды, саланың дамуына тәжіеуші және кездейсоқ факторларды зерттеу түрақты дамуды зерттеуі маңызды. Себебі, туризм сыртқы және ішкі факторларға отте тәуелді және саланың сұранысының икемділігі де жоғары сала. Зерттеудің міндеттері ретінде: өңірлердегі туризмнің түрақты дамуы жағдайын талдау және дамуга әсер етептің факторларды анықтап, оңтайланырудың жолдарын ұсына отырып, еліміздегі туристер ағынын құру және арттыруды қарастырган. Қазақстан туризмінің дамуына, сонымен қатар климаттық жағдайы мен геосаяси орналасуы мен көпжілік мәдениетімен қатар, түрақты экономикалық даму да әсерін тигізуде. Авторлармен атапталған мақаланың зерттеу мақсатына сай туризмнің өңірлердегі дамуына әсер етіп отырган факторларын анықтауда факторлық талдау әдістерімен түрақты дамытудың маңызы мен тәжіеуші факторлары анықталып, өңірлердегі түрақты дамытудың қажетті іс-шаралардың бағыттары ұсынылады. Өңірлердегі туризмнің түрақты дамуына әсер етіп отырган факторлар экономикалық, статистикалық, факторлық талдау әдістері арқылы негізделіп, оңтайланыруды жолдары ұсынылған. Түрақты даму басқа салалардың дамуына да түрткі болады, оның ішінде ауыл шаруашылығы, қызмет көрсететін салалар мен сауда және тағы басқада салалардың дамуына және өңірлердегі жұмыссыздық мәселесін шешуге және халықтың тіршілігін үзартуға, салауатты өмір салтын қамтамасыз етуге және жан-жакты дамуына, ал-ауқатын арттыруға оң әсерін тигізеді.

Кітім сөздер: экономика, туризм, түрақты даму, инновация, инвестиция, сұраныс, ұсыныс, жұмыссыздық, стратегия.

Ключевые слова: экономика, туризм, устойчивое развитие, инновации, инвестиции, спрос, предложение, безработица, стратегия.

Keywords: economics, tourism, sustainable development, innovation, investment, demand, supply, strategy, unemployment..

JEL Classification:O1,O2,O21,P11,P21

Кіріспе. Түрақтылық әртүрлі типтегі жүйелердің әмбебап қасиеті бола отырып, экзогендік және әндогендік факторлардың теріс әсеріне қарамастан ішкі және сыртқы функцияларды тиімді орындау қабілетінде жатыр. Жүйенің даму түрақтылығы нәтиженің рұқсат етілген минимумнан төмен емес және объективті түрде анықталған максимумнан жоғары емес жүйелі өсуімен сипатталады. Осыған байланысты «түрақты өсу» және «түрақты даму» ұғымдарын ажырату қажет. Түрақты даму екі негізгі ұғымды қамтиды:

1) халықтың аса кедей топтарының өмір сүруі үшін қажетті қажеттіліктер, басымдықтың нысанасы болуға тиіс;

2) қоршаган ортасың қазіргі және болашақ қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне салынатын технология мен қоғамды ұйымдастырудың жай-күйіне байланысты шектеулер ұфымы» [1].

Тұрақты даму параметрлері өнірлердің дамуының сандық және сапалық езгеруінің оң векторын білдіреді. Ол аталған көрсеткіштердің тұтастай алғандағы бағытының оң бағытқа ие болуына әсер етеді.

Туризм әлемдік деңгейде қарқынмен дамып келе жатқан салалардың бірі. Оның әлемдік деңгейдегі жылдық айналымы қазіргі таңда 3,8 трлн. Долларды құраса, оған салынған күрделі салымдар 700 млрд. долларды құрап отыр [2]. Яғни, туризм тұрақты сұранысқа ие сала екендігін айқындалп отыр. Туризмнің қызметінен түскен түсім өнірлердің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне ғана әсер етпейді, жалпы туристік сала қызметі өнір халқының мәдениетіне, өмір салтына, халық денсаулығына, табиги ортасына және тағы басқада даму жағдайларына әсер етеді. Сонымен қатар, өнірлердегі көлік, байланыс, инфрақұрылымының, әсіресе ауыл шаруашылығы мен құрылыштың, халықтың тұтынатын тауарлар өндірісінің, сауданың дамуына әсер ете отырып, экономикалық дамуының катализаторы ретінде әрекет етеді.

Мақаланың мақсаты. Еліміздің өнірлеріндегі туризмнің даму жағдайын және оларға әсер ететін факторларды анықтап, дамыту жолдарын айқындалп, маңызын негіздеу болып табылады.

Зерттеу әдістері: экономикалық-статистикалық, факторлық талдау мен маркетингтік зерттеу әдістері қолданылды.

Әдебиеттік шолу. Туризмнің тұрақты дамуының маңызын айқындалп отырып, оның негізгі қызметтері басқа сала қызметтерін жұмылдыратынын А.А. Романов зерттеген [3]. Leiper N аймақтың туристік индустрисының дамуы басқа салалардың дамуының қозғаушы күші екендегін зерттеген [4]. Jafari J. туризмнің тұрақты дамуына әсер ететін тежеуші факторлардың әсерін айқындаған. Олардың зерттеулері өнірлердегі туристік сала қызметінің маңызын айқындалп отырып, кезек күттірмейтін мәселелерді оңтайландырумен қатар, туризмді дамыту арқылы өнірлердің дамыту жолдарын негіздеуге мүмкіндік берді [5]. Отандық галымдардың қатарында Б.Р. Жаркенова, А.Х. Муканов, Г.К. Замбино娃, Н.Е. Абдильдиновың зерттеулерінде жалпы туризм – өсу әлеуеті зор және болашақта дамуға елеулі мүмкіндіктері бар әлемнің көптеген елдері экономикасының стратегиялық салаларының бірі екендігін негіздеуі, өнірлердің тұтастай туризмді дамытудағы қосқан үлесінің әлемдік деңгейдегі беделін арттыратынын негіздейді [6].

М.Б. Молдажанов, К.Е. Хасенова, Л.М. Шаяхметова туризм индустрисындағы туекелдерді зерттеуде туризмнің сыртқы және ішкі себептерін зерттей отырып, инвестициялық тартымдылықтың маңызын айқындаған. Ол өнірлердегі туристік сала субъектілерінің дамуындағы туристік жобаларды іске асыруда маңызды және қаржылық мәселелерді оңтайландыруға септігін тигізеді [7].

А.А. Жунусова, Н.Ж. Құрманқұлова, Н. Терджан және Д.С. Кадырбековың еліміздің аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу үшін ішкі туризмді дамыту және оны кешенді шаруашылықпен басқару шешуші мәнге ие екендігін негіздеуі, өнірлердегі салаларды тұтастай дамыту және туризмнің дамуына әсер етіп отырған факторлардың маңызын айқындауды [8]. Ішкі туризмді дамытуда өнірлердің, тұтастай алғанда ел туризмінің дамуын тежейтін факторлар дағдарыстар, қылмыс, саяси тұрақсыздық, инфляциямен қатар, кәсіби мамандану, инфрақұрылымдық, басқа салалардың, әсіресе қызмет көрсететін, қызметінің толыққанды жүзеге асыруына мүмкіндік беретін салалардың мәселелері де факторлар қатарына жатады. Отандық және шетелдік авторлардың зерттеу әдістерін және тұжырымдарын негізге ала отырып, үздіксіз зерттеуді қажет ететін өнірлердің туризмнің жете көрсеткіштері негізінде тежеуші факторлар қатарын анықтау, өнірлердегі туризмнің тұрақты дамуы тұтастай алғанда ішкі туризмнің дамуына әсер ететіндіктен, туризмнің сыртқы және ішкі факторларға иекемділігін ескере отырып, ғылыми тұрғыда зерттеу тұрақты дамудың тетіктерін қамтамасыз етеді.

Негізгі бөлім. Туризм қазіргі уақытта әлемдік экономиканың басты орнында, сонымен қатар әлем бойынша пайданы ең көп түсіретін бизнестің қатарында. Әлемдік экономикада туризмнің болашағы өте маңызды. Туристік нарықта бұл сала өзара үлкен, орта және кіші кәсіпорындардың дамуына, әрекет етуіне мүмкіндік береді. Жалпы еліміздің өнірлеріндегі туристік кәсіпорындар қызметінің дамуы тұтастай алғанда ішкі туризмнің дамуына алып келеді. Өнірлердің ішінде туристерге орналастыру орындарымен қызмет көрсетуде жоғары үлесті Алматы қаласы алып отыр. Алматы қаласы 2023 жылы 2022 жылмен салыстырганда 12,4 пайызға артқан. Жалпы Қазақстан

бойынша қызмет көрсетілгендер саны 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 804108 адамға артық орындалған, яғни 2023 жылдың салыстырғанда 10,9 пайызға қызмет көрсеттедегі тұтынған туристер саны артып отыр. Сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысының туристік қызметтегі белсенділігін ерекше атап өттеге болады. Қызмет көрсетілген турист саны 2022 жылмен салыстырғанда 64,5 пайызға артқан.

Кесте – 1

Қазақстан өнірлеріндегі туристік қызметтің жағдайы

	Туристік қызметтің тұтынуышылар				Туристік қызметтен түскен түсім				Ауытқуы 2023/2022 ж.ж.	
	саны, адам	ұлесі, %	саны, адам	ұлесі, %	түсім, мың теңге	ұлесі, %	түсім, мың теңге	саны	түсім	
Қазақстан Республикасы	7335162	100	8139270	100	644281718,6	100	868893347,5	111,0	134,9	
Абай	269360	4	333 966	4	7 999 278,7	1	16 793 745,7	124,0	209,9	
Ақмола	443184	6	504 542	6	26 078 150,0	4	25 187 061,2	113,8	96,6	
Ақтөбе	186637	3	185 326	2	23 051 662,1	4	30 664 235,3	99,3	133,0	
Алматы	354842	5	408 129	5	37 041 454,0	6	46 945 594,7	115,0	126,7	
Атырау	160149	2	171 775	2	10 056 868,9	2	12 078 621,9	107,3	120,1	
Батыс Қазақстан	101276	1	166 560	2	19 250 038,5	3	32 440 064,5	164,5	168,5	
Жамбыл	135712	2	156 631	2	31 023 511,1	5	45 208 501,8	115,4	145,7	
Жетісу	325723	4	269 071	3	14 921 559,1	2	20 961 218,9	82,6	140,5	
Қарағанды	305199	4	362 344	4	66 525 095,8	10	89 597 744,2	118,7	134,7	
Қостанай	228496	3	221 107	3	26 539 423,3	4	31 737 851,0	96,8	119,6	
Қызылорда	100492	1	116 809	1	21 133 879,7	3	22 553 544,0	116,2	106,7	
Манғыстау	310217	4	390 332	5	16 987 763,5	3	38 640 223,4	125,8	227,5	
Павлодар	191712	3	213 092	3	19 361 218,5	3	29 612 818,9	111,2	152,9	
Солтүстік Қазақстан	146163	2	153 986	2	46 159 169,9	7	17 777 246,7	105,4	38,5	
Түркістан	253454	3	272 937	3	10 416 759,9	2	46 159 622,1	107,7	443,1	
Ұлытау	25658	0,3	31 047	0,4	30 711 298,2	5	12 317 484,2	121,0	40,1	
Шығыс Қазақстан	360319	5	370054	5	30711 298,2	5	33 816 946,5	102,7	110,1	
Астана қ.	1178404	16	1324047	16	71 879 990,6	11	113688657,2	112,4	158,2	
Алматы қ.	1809368	25	2038417	25	112783009,2	18	162437813,4	112,7	144,0	
Шымкент қ.	448797	6	449 098	6	25 176 267,6	4	40 274 351,9	100,1	160,0	

* [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған


Өнірлердің ішінде ең төменгі көрсеткішке ие болған Ұлытау, Қызылорда, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарын атап өттеге болады. Туристер санын қабылдауда алдыңғы қатарлы үштікті атап өтетін болсақ, онда: Алматы қаласы, Астана қаласы мен Ақмола облысы жоғарғы көрсеткішке ие болып отыр.



Сурет – 1. Қазақстан өнірлеріндегі туристердің қабылдаудағы ең жоғары және төменгі көрсеткіштеріне ие өнірлер, %

* [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған


Алматы қаласы жалпы Қазақстанда қызмет көрсетілген туристердің 25 пайызын иемденсе, ал ең төменгі көрсеткіш Ұлытау облысына тиесілі болып отыр. Шетелдік туристердің көшілігі іскерлік кездесулерге - іскерлік туризмге көп келеді. Искерлік мақсаттағы туристердің санын арттыруда Қазақстан өнірлерінен бірінші кезекте Манғыстауда орын алды. Алматының қаласымен қатар, бұл өнірлер ресейлік туристер қызықтыра бастаған. Сондай-ақ, 2024 жылдың маусым айының басынан бастап туристер Баянауыл, Бурабай және Имантау-Шалқар Солтүстік курорттарына баруды арттырыған. Пандемияға дейін бұл жерге бір уақытта 500 000 турист келген. 2024 жылы 2-3 есеге артқан. Егер алғыс жақын шетелдерден араб туристері туралы айтатын болсақ, онда олар бірінші кезекте Алматыдағы тауларды көруге қызығушылық танытуда. Алматының олар үшін жұмсақ климаты мен таудың салқын климаты, ландшафттың сұлулығы қызықтыруды. Сондай-ақ, Алматыда жайлы бес жұлдызды қонақ үйлер, жақсы мейрамханалар және туристердің осы тобы үшін маңызды автокөліктерді жалға алу мүмкіндіктері жоғары. Кейбір араб туристері қысқы ауарайында саяхаттауда қызығушылық танытқан. Елімізде танымал туристік ішкі бағытты арттырып отырған ұлттық саябақтар, сонымен қатар тау шаңғысы курорттары, санаторийлер мен сауықтыру орталықтары тартымдылықты арттыру мақсатында белсенділіктерін арттырып, ресурстарын жаңғыртуда. Ұлттық саябақтарға келушілер саны 2019 жылмен салыстырғанда үш есе артқан, яғни 2023 жылы 698 мың адамнан 2,4 миллионға дейін өсken. Экологиялық туризмнің қызметтеріне сұраныс, атқа мініп серуендеумен қатар, балық шаруашылығының қызметін тұтынуда Қарағанды облысы, агротуризмнің өнімдеріне сұраныстын артуына Түркістан мен Алматы облысының үлесі жоғары болған. Сонымен қатар, табиги қорыктар мен парктарға және жеке тұруға мүмкіндік беретін үйлердің қызметін тұтынуга сұраныс та артқан.



Сурет – 2. Елімізге келген туристердің өнірлерге болу үлесі,%

* [9] дереккозі негізінде авторлармен құрастырылған

Еліміздегі өнірлердегі сапар шеккен туристердің басым бөлігі жеке мақсатпен келуде. Сонымен қатар, туристердің жалпы елімізге келген санының 65 пайызы туыстарының үйінде орналасқан. Сонымен қатар, туристер кейбір өнірлерді транзиттік мақсатта пайдалануда. Қарағанды облысы осы мақсатта саяхаттаушылардың үлесін ерекше иеленіп отыр. Қарағандыдағы халықаралық деңгейдегі әуежай туристердің басқа өнірлерге бағыттауына мүмкіндік бергіп отыр. Қарағанды облысында туристердің түнеуі бойынша басқа өнірлермен салыстырғандағы үлесі жоғары. Бір жағынан бұл жағдай Қарағанды облысына туристердің тартымдығының артуына, мүмкіндіктердің ашылуына әсер етер еді. Қарағанды облысының географиялық орналасуы туристердің ішінде транзиттік мақсаттағы автокөлікпен тасымалданатын туристердің мақсатын да іске асырып отыр. Туристердің ағынының артуы артуы түсімнінде артуына әсер етеді.



Сурет – 4. 2022-2023 жылдар аралығындағы туристік қызметтің салыстырмалы даму және кему деңгейі, %

* [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2022 жылды 2023 жылдармен салыстырғандағы көрсеткіші Түркістан облысының басқа өнірлермен салыстырғанда туристерді қабылдауы және түсімінің 4 есеге артып отырғанын ерекше атап өтуге болады. Оған әсер етіп отырған Түркістандағы туристік рекреациялық ресурстарың жаңғыруы, оның ішінде «Керуен-сарай» көпфункционалды кешенниң рөлі жоғары болды. Еліміздің халқы әр өнірлерден кешенді көруге үмтүлыш, сұраныс артты. Түркістан облысының туристік инфрақұрылымының мәселелерінің де оңтайлануы, халықаралық әуежайдың қолданысқа берілуі туристердің ынғайлы сапарына оң әсерін тигізді.

Қазақстандағы туризмді дамытудың тәжеуіш факторларының бірі жолаушылардың тасымалы мәселелері. Туристік сапардың шығынының құрамының 50 және одан да көп пайыздық бөлігін тасымалдауға кеткен шығын құрайды [10]. Сондықтан, туристердің әсерлі демалысын үйімдастыруда тасымалдау құралдарымен қатар, тасымалдауды үйімдастырудың инфрақұрылымдық нысандарға қол жетімділікті, сондай-ақ әуежайларды, теміржол вокзалдарын және автовокзалдарды, туристік маршрутtagы жайлышықты қамтамасыз ету қажет. Өңірлердің ішінде инфрақұрылым мәселелерін қолға алушмен қатар, Түркістан облысы ең арзан әуе көлігінің қызметін ұсынуда көшбасшылыққа ие болды.

Сонымен қатар, әртүрлі іс-шаралардың үйімдастырылуы туристер ағынын арттыруды туристік ресурстардың тартымдылығымен қатар жүретіні белгілі. Қазіргі таңда елімізде жалпы туристердің тұтыну деңгейін арттыру мақсатында әлемнің түкпір-түкпірінен әкелінген ең әдемі 25 шар, жүздеген түрлі-түсті батпышрауықтар, ерекше фотоаймақтар, балалар мен жастар аландары, шеберлер жәрменекесі, музикалық орындаушылардың, театр, цирк әртістерінің қойылымдары, конкурстар, арт – спектакльдер және жүлдөлөр, ұтыс ойындары, фестивальдердің үйімдастырылуы тартымдылықты арттыруға ерекше әсерін тигізуде.

Қорытынды. Аталған шаралардың үйімдастырылуы және саланың дамуына жасалынған іс-шаралар жалпы өнірлердің туризмінің дамуына нақты әсер еткен. Оған мысал ретінде туристік сала қызметін тұтынудың төрт есе артуы Түркістан облысында байқалып отыр. Таңдау нәтижесінде анықталған ең тәменгі даму көрсеткішке ие болған Ұлытау, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстарына келесідей іс-шараларды қолға алушты ұсыну қажет:

- туристік инфрақұрылымды дамыту;
- туризм саласындағы туристік ресурстардың тартымдылығын арттыруда он инвестиациялық ахуал қалыптастыру;
- туристік өнімді жылжытуудың маркетингтік стратегияларын әзірлеу;
- туристік өнімдердің жаңа турлерін қалыптастыру;
- туристік қызметті ұсынуда білікті мамандарды қайта даярлау мен біліктілігін арттыру;
- жаңа анимациялық бағдарламалар жасау;
- туризмді дамытуға және оның ішінде нысандарын қайта жаңғыртуға бюджет қарожатын арттыру мен мақсатты пайдалануды реттеуді қүшету;

- туристік іс-шаралар қатарын арттыру: фестивальдер, байқаулар, конференциялар, мерекелік іс-шаралар мен көрмелер және т.б.;

- жарнамалар мен сандық жүйеде сatalым шараларын арттыру, туристерге ақпараттардың жеткізілуін күшейту және т.б.

Туристік қызметті қолдау арқылы жетілдіруге кейірлер аса басымдылық алғаны зерттеу нәтижесінде анықталды, оның ішінде Түркістан облысының туристік рекреациялық ресурстарын жаңғырту мен инфрақұрылымдың мәселелерін онтайландыру туристер санының артуына бірден-бір септігін тигізіп, түсімнің артуына алып келген. Сонымен қатар, аталған ұсыныстардың қаржы көзі мен инвестициялық тартымдылығын арттыруға «Бурабай» арнайы экономикалық аймағының тәжірибиесі негіз бола алады. Зерттеу нәтижесінде анықталған өңірлердің қатарындағы туристік ресурстарға бай Ұлытау және Абай облыстарына мемлекеттік қолдауларды қолға ала отырып, инвестиция тартуға мүмкіндік болар еді. Ұлытау облысы халықаралық деңгейде этнографиялық туризмнің дамуына, ал Абай облысы экологиялық туризмнің дамуына қолайлы өңірлер болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Веселова Н.Ю. Организация туристской деятельности: учебное пособие. – Москва: Дашков и К. – 2021. – 254 с.
2. Шимова О.С. Устойчивый туризм: учебно-методическое пособие. – Минск: РИПО. – 2014. – 258 с.
3. Романов А.А., Саакянц Р.Г. География туризма: учебное пособие. – М.: Советский спорт. – 2002. – 464 с.
4. Leiper N. The Framework of Tourism; Towards a Definition of Tourism, Tourist, and the Tourist Industry // Annals of Tourism Research. – 1979. – №4(6). – P. 392–395.
5. Jafari J. Editor's Page // Annals of Tourism Research. – Special Number. – October/December. – 1977. – 8 р.
6. Жаркенова Б.Р., Муканов А.Х., Замбиноva Г.К., Абдильдинова Н.Е. Туристік өңірдің экономикалық белсенділігін арттырудың брендингтің рөлі. Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2023. – №1(50). – doi 10.52260/2304-7216.2023.1(50).22
7. Молдажанов М.Б., Хасенова К.Е., Шаяхметова Л.М. Туризм индустриясындағы тәуекел факторын ескере отырып, инвестициялық жобаның экономикалық тиімділігін бағалау. Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2022. – №2(47). – doi 10.52260/2304-7216.2022.2(47).40
8. Жунусова А.А., Құрманқұлова Н.Ж., Терджан Н., Кадырбекова Д.С. Қазақстандағы туризм инфрақұрылымының даму ерекшеліктері. Туризм индустриясындағы тәуекел факторын ескере отырып, инвестициялық жобаның экономикалық тиімділігін бағалау. Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2024. – №2(55). – doi 10.52260/2304-7216.2024.2(55).32
9. Қазақстан туризмі. – URL:<https://stat.gov.kz/publication/collections/?year=&name=16286&period=>.
10. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262>
11. Мир событийного туризма в Казахстане. Какие интересные фестивали ждут туристов в июле. – URL: <https://tengrinews.kz/news/mir-sobyitiynogo-turizma-kazahstane-kakie-interesnyie-505372/?ysclid=m96iepu1o825923046>

REFERENCES

1. Veselova N. Organizaciya turistskoj deyatel'nosti: uchebnoe posobie. – Moskva: Dashkov i K. – 2021. – 254 s. [in Russian]
2. Shimova O. Ustojchiviy turizm: uchebno-metodicheskoe posobie. – Minsk: RIPO. – 2014. – 258 s. [in Russian]

3. Romanov A., Saakyanc R.G. Geografiya turizma: uchebnoe posobie. – M.: Sovetskij sport. – 2002. – 464 s. [in Russian]
4. Leiper N. The Framework of Tourism; Towards a Definition of Tourism, Tourist, and the Tourist Industry // Annals of Tourism Research. – 1979. – №4(6). – P. 392–395.
5. Jafari J. Editor's Page // Annals of Tourism Research. – Special Number. – October/December. – 1977. – 8 p.
6. Zharkenova B., Mukanov A., Zambinova G., Abdil'dinova N. Turistik onirdin ekonomikalyq belsendiligin arttyrudagy brendingtin roli. Qazaq ekonomika, qarzhy zhane halyqaralyq sauda universitetinin zharshysy. – 2023. – №1(50). – doi 10.52260/2304-7216.2023.1(50).22 [In Kazakh]
7. Moldazhanov M., Hasenova K., Shayahmetova L. Turizm industriyasyndagы taukele faktoryn eskere otyryp, investiciyalyq zhobanyн ekonomikalyq tiimdiligin bagalau. Qazaq ekonomika, qarzhy zhane halyqaralyq sauda universitetinin zharshysy. – 2022. – №2(47). – doi 10.52260/2304-7216.2022.2(47).40 [In Kazakh]
8. Zhunusova A., Qurmanqulova N., Terdzhan N., Kadyrbekova D. Qazaqstandagy turizm infraqurylymynyn damu erekshelikteri. Turizm industriyasyndagы taukele faktoryn eskere otyryp, investiciyalyq zhobanyн ekonomikalyn tiimdiligin bagalau. Qazaq ekonomika, qarzhy zhane halyqaralyq sauda universitetinin zharshysy. – 2024. – №2(55). – doi 10.52260/2304-7216.2024.2(55).32 [In Kazakh].
9. Qazaqstan turizmi. – URL:<https://stat.gov.kz/publication/collections/?year=&name=16286&period> [In Kazakh]
10. Qazaqstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023–2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> [In Kazakh].
11. Mir sobytijnogo turizma v Kazahstane. Kakie interesnye festivali zhduut turistov v iyule. – URL: <https://tengrinews.kz/news/mir-sobytiynego-turizma-kazahstane-kakie-interesnyie-505372/?ysclid=m96iepye1o825923046> [in Russian]

Дулатбекова Ж.А., Хамитова Д.М., Бабажанова Ж., Нурпеисова М.М.

ПУТИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА В РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Актуальность исследования заключается в том, что богатая история Казахстана и его уникальное географическое положение создают условия для развития в регионах многих видов туризма, в том числе экологического, делового и этнографического, спортивного, и предоставляют возможности для развития туризма по самым популярным туристским направлениям страны. Изучение широкого использования потенциала богатых туристских ресурсов в регионах, содержащих и случайных факторов развития отрасли в статье важно изучение устойчивого развития. Это связано с тем, что туристическая отрасль сильно зависит от внешних и внутренних факторов, а эластичность спроса отрасли также высока. В качестве задач исследования предусмотрены: анализ состояния устойчивого развития туристской отрасли в регионах и создание и увеличение потока туристов в стране с выявлением и предложением путей оптимизации факторов, влияющих на развитие. Развитие туристской отрасли Казахстана, наряду с климатическими условиями, geopolитическим расположением и многонациональной культурой, оказывает влияние на устойчивое экономическое развитие. В соответствии с целью исследования данной статьи авторами методами факторного анализа выявлены значение устойчивого развития и сдерживающие факторы в определении факторов, влияющих на развитие туристской отрасли в регионах, предложены направления необходимых мероприятий устойчивого развития в регионах. Факторы, влияющие на устойчивое развитие туризма в регионах, обоснованы методами экономического, статистического, факторного анализа, предложены пути оптимизации. Устойчивое развитие также стимулирует развитие других отраслей, в том числе сельского хозяйства, сферы услуг и торговли и других, и положительно влияет на решение проблемы безработицы в регионах и продление жизни населения, обеспечение и всестороннее развитие здорового образа жизни, повышение благосостояния.

Dulatbekova Zh., Khamitova D., Babazhanova Zh., Nurpeisova M.

WAYS OF SUSTAINABLE TOURISM DEVELOPMENT IN THE REGIONS OF KAZAKHSTAN

Annotation

The relevance of the research lies in the fact that the rich history of Kazakhstan and its unique geographical location create conditions for the development of many types of tourism in the regions, including environmental, business, ethnographic, sports, and provide opportunities for the development of tourism in the most popular tourist destinations of the country. The study of the widespread use of the potential of rich tourist resources in the regions, constraining and accidental factors of the development of the industry in the article it is important to study sustainable development. This is due to the fact that the tourism industry is highly dependent on external and internal factors, and the elasticity of demand of the industry is also high. The objectives of the study include: analyzing the state of sustainable development of the tourism industry in the regions and creating and increasing the flow of tourists in the country, identifying and suggesting ways to optimize the factors influencing development. The development of Kazakhstan's tourism industry, along with climatic conditions, geopolitical location and multinational culture, has an impact on the sustainable economic development of the Sayai. In accordance with the purpose of the study of this article, the authors used factor analysis methods to identify the importance of sustainable development and constraints in determining factors affecting the development of the tourism industry in the regions, and proposed the directions of necessary measures for sustainable development in the regions. The factors influencing the sustainable development of tourism in the regions are substantiated by methods of economic, statistical, and factor analysis, and optimization methods are proposed. Sustainable development also stimulates the development of other industries, including agriculture, services and trade, and others, and has a positive impact on solving the problem of unemployment in the regions and prolonging the life of the population, ensuring and comprehensively developing a healthy lifestyle, and improving well-being.

